

Мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған тәрбиеленушілерді қабылдау жөніндегі Типтік ережелердің 13-тармағының сақталуы, сондай-ақ мектепке дейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының Арқалық қаласы білім бөлімінің Б.Майлин атындағы «№3 жалпы білім беретін мектебі» КММ жанындағы шағын орталыққа балаларды қабылдау бойынша мемлекеттік қызмет indigo24.kz/kz автоматтандырылған сервис порталы арқылы жүзеге асырылады. Бұл қызмет Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы №254 бұйрығына сәйкес көрсетіледі, Әділет ақпараттық жүйесінде тіркеу нөмірі: **№20883**.

Біріңғай базада ата-ананың (заңды өкілінің) мектепке дейінгі ұйымға қабылдау жөніндегі электрондық жолдама негізінде (жолдаманы алғаннан кейінгі келесі жұмыс күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жарамды) қабылдауға келісімі расталғаннан кейін, өтініш Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы Арқалық қаласы білім бөлімінің Б.Майлин атындағы «№3 жалпы білім беретін мектебі» КММ-не жіберіледі. Мекеме құжаттарды қабылдауды жүзеге асырады. Құжаттарды жинау кезеңінде біріңғай база жүйесінде бос орын жалпы қабылдау режимінде болады.

Ата-аналар (заңды өкілдер) барлық қажетті құжаттарды жинақтағаннан кейін, шағын орталыққа қабылдау туралы берілген жолдаманың қолданылу мерзіміне сәйкес indigo24.kz/kz автоматтандырылған сервис порталы арқылы құжаттарды жолдайды. Мектептің іс жүргізушісі құжаттар түскен күні оларды қабылдап, тіркейді және 1 (бір) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттарды тексереді.

Мектеп директоры:  Н.Ахатов

